

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1006 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі
жоба

**Қазақстан Республикасының
Заңы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына валюталық
реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы**

1-бап. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-кұжат; N 12, 88-кұжат; N 14, 93-кұжат; N 15-16, 109-кұжат; N 24, 162-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-кұжат; 1997 ж., N 1-2, 8-кұжат; N 7, 80-кұжат; N 11, 144, 149-кұжаттар; N 12, 184-кұжат; N 13-14, 195, 205-кұжаттар; N 22, 333-кұжат; 1998 ж., N 14, 201-кұжат; N 16, 219-кұжат; N 17-18, 222, 224, 225-кұжаттар; N 23, 416-кұжат; N 24, 452-кұжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-кұжаттар; N 21, 787-кұжат; N 22, 791-кұжат; N 23, 931-кұжат; N 24, 1066-кұжат; 2000 ж., N 10, 248-кұжат; N 22, 408-кұжат; 2001 ж., N 1, 7-кұжат; N 8, 52, 54-кұжаттар; N 13-14, 173, 176-кұжаттар; N 23, 321-кұжат; N 24, 338-кұжат; 2002 ж., N 2, 17-кұжат; N 15, 151-кұжат; N 19-20, 165-кұжат 2003 ж., N 1-2, 2-кұжат; N 4, 25-кұжат; N 6, 34-кұжат; N 10, 50, 51-кұжаттар; N 11, 69-кұжат; N 14, 107-кұжат; N 15, 124, 128, 139-кұжаттар; 2004 ж., N 2, 9-кұжат; N 5, 27-кұжат; 2004 ж., N 10, 54-кұжат; 2004 жылғы 23 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 15 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өсімдіктерді қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы) мынадай өзгерістер енгізілсін:

11-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1-бап. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті

лицензиялау және валюталық операцияларды лицензиялау

Лицензиялауға:

1) бөлшек сауданы жүзеге асыру және қолма-қол шетел валютасына қызмет көрсету ;

2) валюталық операцияларды жүзеге асыру жатады.";

15-баптың бесінші бөлігінде "валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды" деген сөздер "валюталық құндылықтарды пайдалануға және валюталық операцияларды жүргізуге байланысты қызметті" деген сөздермен ауыстырылсын ;

19-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде "және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты жасалатын операцияларды" деген сөздер ", валюталық құндылықтарды және валюталық операцияларды пайдалануға байланысты қызметті" деген сөздермен ауыстырылсын .

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті